



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

шілдеде өткен съезде Бүкілрусиялық Құрылтайға делегат, желтоқсандағы съезде ұлт кеңесіне мүше болып сайланған. «Алаштың» басшылығына ұсынылған үш кісінің бірі [34, 111 б.].

2. Теміров Абдолла – Торғайдан. Санкт – Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін 1890 жылы алтын медальмен бітірген, «Алаш» қозғалысына қатысқан. Торғай уезінде комиссар болған.

Қаратаев Бақытжан Бисенғалиұлы (1860 – 1934) – Оралдан. Санкт – Петербург университетінің заң факультетін алтын медальмен бітірген, Петербургте, Кутаисида, Оралда заң қызметінде болған, ІІ мемлекет думасына Орал облысынан депутат болып сайланған, оның жұмысына қазақ халқының жұмысына жоғын жоқтап қызу араласқан. Жер және дін Мәселелері жайында жоғары ұлықтарға берген арызы Орал қаласында К. М. Тұзфаттулин баспаханасында жеке кітапша болып басылып шыққан. Оқу бітіргеннен соң Әділет министрілігінің құзарына кіргізіліп, басқарушы сенаттың екінші департаменті шенеунігі қызметіне қалдырылды. 1907 – 1916 жж. Ағартушылық жұмыстармен айналысты. «Қазақстан» газеті, «Айқап» журналын шығаруға ат салысқан. 1917 жылы Кеңес өкіметін орнатуға қатысқан. 1918 жылы наурыз айында Орал облыстық депутаттар кеңесіне мүше, әділет комиссары болды. Ресей патшсының 1905 жылы пұрсат берген ұжымдық тілек жолдау хақы мен діни иланым еркіндігін пайдаланып, үкіметке Қазақстанның батыс аймағының белгілі адамдары мен дінбаслары қол қойған петиция жолдады

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына – Алматы. 2007 – 131 б.- Б. 123.
2. Созақбаев С. Петербург университетінде оқыған қазақ жастары туралы тың деректер. // «Білім және еңбек», 1983, №3, Б. 26 – 27.
3. Созақбаев С. Петербург университетінде оқыған қазақ жастары туралы тың деректер. // «Білім және еңбек», 1983, №3, Б. 26 – 27.
4. Қойшыбаев Б. Жазықсыз жапа шеккендер – Алматы: Қазақстан, 1990. 168 б.- Б. 15.
5. Құл – Мұхамед М. Алаш ардагері. Ж. Ақбаевтың саяси – құқылық көзқарастары – Алматы: Жеті жарғы, 1996 – 224б. - Б. 11.
6. Б.Байғалиев, С. Смағұлова. Мәрсекұлы Р. Қазақ қайда бара жатыр? Алматы: «Арыс» , 2001 – 171 б. – Б. 154.

ОӘЖ: 93:81`373.2 (574.22) (045)

ҚОСТАНАЙ Өңірінің жер-су атауларына тарихи талдау

Жумекенова Дидар Ерсайынқызы

didar-010682@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 2 курс PhD докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Т. Садықов

Кез келген елдің өзіндік тарихы, қоныс теуіп жайлаған этникалық территориясы өмірге, қоршаған орта туралы өз ой-толғамы, ұғым-түсінігі, берер бағасы, түйіні, талғамы бар. Ғасырдан ғасырға, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, жалғасын тауып отырған жер-су атаулары, тұнып тұрған бай қазына, ғасырлық тарихи жәдігер, тозбас мәдени мұра.

Қазіргі таңда жер-су аттарын қастерлеу, оның дұрыс алғашқы мағынасы мен атын сақтауының маңызы зор.

Топонимика - (Торос – орын, жер, опото – атау) жер-су, елдімекен атауларының шығуы мен пайда болуын, мағынасын, құрылымының дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, пішінін, жазылуы мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін құрамдас бөлігі.

Топонимика, география, тарих, тіл білімі, этнология, ғылымдарының деректеріне сүйеніп, өзара байланыста дамиды [1; 32].

Топонимдер елдің әлеуметтік-экономикалық тарихымен, елдің өткенімен, өлкенің, халықтың, табиғи ортаның, отандық мәдениетпен, тіл тарихымен тығыз байланысты.

Атаулар өз берілген аймақтағы тарихи оқиғаларға байланысты қойылғанымен ғана қоймай, осы оқиғалардан ақпарат беретін дерек көзі болмақ. «Жер – судың аты - тарихтың хаты» дегендей Қазақстанның тарихының кешегін бүгінге жеткізетін де топонимдер.

Қостанай өңірінің тарихындағы топонимдер немесе географиялық атаулардың шығу тарихын зерттеуде, арнайы жазылған еңбектер мен сөздіктерді талдай отырып оларды шартты түрде бірнеше топтарға бөліп қарауға болады. Сол арқылы бізге аталмыш аймақ топонимдерінің тарихи мәнін жарыққа шығаруға септігін тигізеді.

1. Жергілікті жердің белгілерін сипаттайтын топонимдер: топырақ, ландшафты, жер бедеріне және әртүрлі спецификалық сипаттаулары мен белгілеріне байланысты атаулар: мысалы, Аққұм (құмды алқап); Ащылысай (құрғақ арна); Батпақ (көктем, күз айларындағы ылғалды батпақты болып жататын жер болғандықтан қойылған атау); Бұйрат (қыстау, ойлы-қырлы келген жер мәніндегі атау); Былқылдақ (ауыл, орны, былқылдаған жұмсақ, сазды жер мәніндегі атау); Мамыркөл (үлкен, тынық көл мағынасындағы атау), Саумалкөл (көл, жағасы ақшыл балшықты, суы кермек татыған көл); Бұрықтал (өзен, қиық тал өскен жер мағынасындағы атау); Мойнақ (қыстау, жіңішке қара суы бар жер мағынасындағы атау); Мұқырадыр (тау, шағын, аласа адыр мағынасындағы); Басқұдық (басты құдық деген мағынадағы атау); Ақбұлақ (ағынды бұлақ); Ащыкөл (тұзды көл); Ащыалакөл (ащы көл); Жалтыркөл (шөп баспаған ашық су) [2; 542-593]; түсі, сапасы, қасиетіне байланысты атаулар: Бозкөл (көл, түсіне байланысты қойылған атау), Бозқасқа (тау, өсімдігі өте сирек тасты, топырағы бозарып жататын атау), Бозшакөл (көл, бозарып жатқан көл мағынасындағы атау), Жаркөл (жағалауы жарлы көл мағынасындағы атау), Қарабұлақ (өзен, жер астынан шыққан қайнар, тұма мағ. атау), Көктау (ауыл), Қызылағаш (ауыл, ағаш түсі), Қызылжар (бөген), Қызылкемер (ауыл орны), Қызылқұм (ауыл орны), Қызылой (қыстау), Сарыбұлақ (төбе, баурайында суы мол), Сарыкөл (тұщы көл, суының түсі сарғыш, лайсан), Сармойын (көл, жіңішке келген тұсындағы қамыс, құрақтың түсіне байланысты қойылған), Сарыөзек (қоныс, кең аңғарлы сай), Сарыөзен (өзен, суы мол жақсы өзен), Сарысу (өзен), Сарышығанақ (ауыл), Қаражар (көл, үлкен жар мәніндегі атау), Қарасу (өзен, жерасты суы, қайнар бұлақ), Қаратерек (ауыл, қаратерек мол өсетін жер), Қаратоғай (қыстау, үлкен, кең), Шұбаркөл (көл, су беті алуан түске боялып тұруына байланысты қойылған) [3; 22].

2. Топонимикада сол маңайда өсетін өсімдіктердің аттары да көптеп кездеседі.

Қазақ халқы қашанда өздері өмір сүрген өлкеде өсетін өсімдіктер дүниесіне терең мән беріп, оларды шебер пайдалана білген.

Қостанай өңірінің бір ерекшелігі бұрынғы жер-су, мекендер атауларының дені сол жерде таралған өсімдік аттарынан тұрады. Мысалы, ағашаты жерлерде: Аманқарағай, Аршалы, Жиделі, Жиделікөң, Көктерек, Көртоғай, Көпжиде, Сарытоғай, Сексеуіл, Теректітүбек, Тоғай, Тораңғылы; бұталы жерлерде: Жыңғылды, Қызылжыңғыл, Мойылды, Тобылғылы, Ұзынағаш, Шілікті, Доланалалы; талды өңірлерде: Тал, Талды, Талдықөң, Талдытөбе, Талтүбек, Бөріктал, Иірқұмтал, Қызылтал, Көктал, Шоқталды, Сұлутал, Қаратал, Күркетал, Бүйректал, Сартал; қопалы өңірлерде қамысты жерлерде: Қопа, Қопалы, Сарықопа, Қамысты, Қарақамыс, Бүрліқамыс, Жайылқамыс, Сарықамыс, Сарлық, Сарлыққопа, Сұлуқамыс, Жалпаққамыс, Алқымқамыс, Тамқамыс, Шикамыс, Шоққамыс; қоғалы жерлерде: Қоғалы, Қоғажайлы, Жалпаққоға, Қарақоға, Жекен, Ұзынқоға, Көкөлеңқопа; шабындықты жерлер: Көкшалғын, Бидайықты, Көделі, Миялы, Шөптікөл, Ажырықты, Жусанды, Қияқты, Орсак, Өлеңді, Сарықұрақ, Қарабидайық, Шыралжың, Ақмамық, Үрпек, Майқарау; шилі өңірлері: Ши, Шилі, Ақши, Күйгенши; ащы өсімдіктер өсетін жерлерде: Қурайлы, Шағырлы, Кендір, Көкпекті, Қазотылы, Мұқыр, Жосалы, Актікен,

Ошағанды, Татыр, Сарымсақты. Осы атаулардың көбі қазіргі таңда сақталған. Кей жерлер елсізденуге байланысты кейінгілердің жадынан шыға бастаған [3; 64].

3. Жер атауларын беруде сол маңайда тіршілік ететін жануарларға қатысты топонимдер: өзендер - Айғыржал, Киіксай, Шортанды, Құндызды; елді мекендер - Бөрілі, Құлан, Қарғалы; құс атауынан қойылған көлдер - Қулықөл, Құлақөл, Құлан, Құскелді, Құстөбе, боз биеге байланысты қойылған атау – Бозбие; таулар - Ешкітау, Қарғалытау.

Сонымен қатар, халық шаруашылығында маңызды рөл атқаратын Балықтыкөл балығы көп көл, Арқан балық сияқты атаулар балық аулайтын елдер үшін маңызды. Себебі, бұл топонимдердің өзі-ақ сол атпен аталған территориядағы суда қандай балық бар екендігін білуге болады [4; 42].

4. Көшпелі өмір салтымен байланысты топонимдер. Көшпелі халық рулық тайпалар мен басқа этникалық топтардың атын білдіретін топонимдерді береді, ал отырықшы халық – адам аттары, тегі, лақап аттар мен кәсіп аттары немесе бұрынғы өмір сүрген орнымен байлансты топонимдерді қалыптастырады. Шығу тарихы бойынша ең көне саналатын этнотопонимдер, халықтың бұрынғы кезеңдердегі генетикалық құрамының күрделілігі мен сан түрлілігін көрсетеді. Аталмыш жерлерді мекендеген тайпалар, рулар олардың тыныс-тіршілігі туралы құнды мәліметтер береді. Мысалы, Қыпшақ – этнотопонимі қазақ халқының көне руын білдіреді, Адай – Қамысты ауданындағы қазақ этнонимі, Адайкөл, Адайқұм, Қарабалық, Қаракемпір, Қарақыпшақ, Керей, Қожа – этнотопонимдер [5;5-37].

6. Кісі есімдерімен байланысты қойылған жер-су атаулар.

Адамның есімдерімен аталған топонимдер де кездеседі (антропонимдер). Бұл топонимдер нақты бір адамның құрметіне, өз еліне қызмет жасаған кісілердің атымен аталған. Мысалы, Амангелді ауданы 1936 жылы халық батыры Амангелді Имановтың құрметіне берілген; Жангелдин ауданы 1956 жылы халқымыздың революционер-большевиі, даңқты Әліби Тоғжанұлы Жангелдиннің есімі берілген; батырлардың есімі: Жанатай батыр, Қашқын батыр, Сары Қошқар батыр, Бегімбет Иман батыр, Ыстыбай Шәкір батыр, Төлек Жәуке батыр [6; 39-55].

7. Қасиет, киелі ұғымынан туған топонимдер:

Әулиесу, Әуликөл (қасиетті көл). Халық аңызында: - «Бұл көл бір күн ішінде сарқылып жоқ болып кетіп, сол түні қайта толып, қайта пайда болуы мүмкін» делінеді. Сол үшін де ол «әулие» деп аталады. Халықтың бұл көлді «әулие» деп аталуы тегін емес [5;14].

Сонымен осы зерттеу шеңберінде жүргізген талдау жұмыстары Қостанай өңірінің топонимдерінің пайда болудағы кейбір ерекшеліктерін айқындай алады.

Қазақ топонимиясында жер-су аттары олардың нақты ерекшеліктері мен белгілеріне тән суреттеледі. Оған қазақтардың мыңдаған жылдар бойы мал шаруашылығымен айналысқаны септігін тигізіп отыр. Өмірдің өзі, тұрмыс салттарына орай климатты терең ұғынуға, тау, алқап, терең сай, асу және басқа да жер қыртыстарының ерекшеліктерін білуге міндеттеді. Себебі, малдың жақсы жайылып, олардың табиғаттың тосын құбылыстарынан қорғайтын жерлерді жайлауға, көшіп-қонғанда су, өзен, көлдердің мезгілді ауысуын назардан тыс қалдырмау өмір заңдылығы болды. Сондықтан Қостанай өңірінің топонимиясында көл, тау, сай, қырат және т.б. жиі кездеседі.

Осы өңірдің топонимиясындағы тағы бір ерекшеліктер ол көптеген географиялық атауларда жануарлар мен өсімдіктер әлемімен байланысты топонимдердің көптеп кездесуі және бұл ерекшеліктер тағы да аталмыш аймақтардағы халықтардың тұрмыс-тіршілігінен сыр шертіп, олардың мал шаруашылығына бағытталған даму сатыларын қамтиды. Көшпелі өмір салтын ұстанған қазақтар үшін табиғаттың сырын терең ұғыну, өз аймақтарында табиғат ерекшеліктерін тұрмыстарына ыңғайлап қолдана білуге оң әсер етті.

Кейбір топонимдер малшының сақ болуына нұсқайтын қауіпті әрі жыртқыш аңдар барын алдын ала ескертетін болып келеді. Сонымен топонимдер, мал баққан халық үшін

белгілі бір жерлерде кездесетін өсімдіктер мен жануарлардан хабардар ететін жол көрсететін, жол нұсқайтын болған.

Осылайша, жүргізген талдау жұмыстары осы зерттеу аясы шеңберінде Қостанай облысының топонимикалық атауларының кейбір ерекшеліктерін атап көрсетуге меңзейді. Бұған дәлел өлке тарихында ізін қалдырған географиялық атаулар болып отыр.

Қостанай облысының топонимикасында өткен уақыттан сыр шертетін құнды тарихи-этнографиялық мағлұматтар мол. Макро және микротопонимдерді, гидронимдерді, антропонимдерді, этнонимдерді жан-жақты зерттеу арқылы, тек халықтың географиялық шоғырлануын ғана емес, сонымен қатар, топонимика тарихына тың серпін беретін жаңаша көзқараспен қарауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Суперанская А.В. Что такое топонимика. – М.: Мысль, 1985. 182 с.
2. Топонимика Казахстана. Энциклопедический справочник. - Алматы: ТОО «Аруна Ltd» - 2010, 816 с.
3. Әбдуәли Б. Біртұтас қазақ топонимикасы және Торғай өңірі // Торғай өңірінің тарихи топонимикасы»: ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2014, 156 б.
4. Сәрсекей Г.К. Ата мекен – ата-баба мекені // Торғай өңірінің тарихи топонимикасы»: ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2014, 156 б.
5. Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары. – Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, Алматы, 1959, 219 б.
6. Бектасова Б.К. Қостанай облысының жер-су аттарының сөздігі, Қостанай, 1996, 114 б.
7. Әбдуәли Б. Біртұтас қазақ топонимикасы және Торғай өңірі // Торғай өңірінің тарихи топонимикасы»: ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2014, 156 б.

УДК 902

ҚОШКЕ КЕМЕҢГЕРҰЛЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

Иманғалиев Алмас Темірбекұлы

Imangaliyev_historian@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
тарих факультетінің IV курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - З. Дүкенбаева

Қазақ елі Тәуелсіздігін алғаннан кейін тарих ғылымы саласы бойынша талай игі істер жасалып жатыр. XX ғасырдың 80 – жылдарынан бастап Алаш партиясының көрнекті өкілдері ақталып, Отан тарихымызда көптеген ғылыми тың өзгерістер орын алды. Зерттеуші-ғалымдар алдында егемендік алғанға дейінгі кезеңде сыңаржақты бағаланып келген XX ғасырдағы қазақ жерінің саяси-экономикалық жағдайы, жазықсыз ату жазасына ұшыраған қайраткерлердің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін қайта жаңғырту міндеті тұрды. Осыған орай, Алаш қозғалысының көптеген көрнекті өкілдері ақталып Отан тарихымыз жаңа есімдермен толықтырып отырды. Мысалы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Халел және Жаһанша Досмұхамедұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Бақытжан Қаратаев, Смағұл Сәдуақасов, Отыншы Әлжанов және т.б.

Соның ішінде Алаш партиясының көрнекті өкілі, қоғам қайраткері, тарихшы, дәрігер, жазушы, драматург, журналист Қошке Кемеңгерұлының Отан тарихымызда алатын орыны